



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2023 жылғы орман шаруашылығы өнімінің баға индексі

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақтылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс тұлғасының аты

Алдоңғар Өсер

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

o.aldongar@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8(7172) 74-97-82

S.2 Өзектілік - кіріспе

Орман шаруашылығы өнімдеріне баға индексі ағаш дайындау ұйымдары өздері өсірген өңделмеген сүректі өткізетін және ағаш дайындауға байланысты көрсетілетін қызметтердің бағасының өзгеруін сипаттайды.

Орман шаруашылығы өнімдеріне баға индексінің құрудың мақсаты оларды өткізу кезінде өнімге (көрсетілетін қызметке) баға өзгерісінің орташа шамасын өлшеу болып табылады.

Орман шаруашылығы өнімінің баға индексі:

1) аграрлық сектор өнімінің көлемін нақты бағалардан салыстырмалы бағаларға қайта бағалау және нақты көлем индекстерін есептеу;

2) қызметтің осы түрлеріндегі еңбек өнімділігін есептеу және басқа да экономикалық-талдамалық есептер;

3) мемлекеттік органдар және ғылыми ұйымдар жүргізетін экономикалық мониторингті, болжауды, салыстыруды жүзеге асыру үшін қолданылады.

ҚР СЖРА ҰСБ-да әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігіне және ведомстволық статистикалық нысандардың көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау мәніне талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс 1446 ҚР СЖРА ҰСБ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

2024 жылғы қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңарту

2024 жылғы қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттамау

Сапа бойынша есеп тоқсандық негізде қалыптастырылатын орман шаруашылығы өнімінің баға индексі үшін жасалды.

Орман шаруашылығы өніміне баға индексі облыстар бөлінісінде және тұтастай республика бойынша өнім түрлері бойынша қалыптастырылады.

Индексті есептеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады. Бағалар туралы деректер негізінде зерделенетін жиынтықтың (нақты тауардың, көрсетілетін қызметтің) бір элементі бағасының өзгеруін көрсететін жеке индекстер есептеледі.

Өнім бойынша жеке баға индексі екі кезеңнің өлшенбеген орташа геометриялық бағаларының арақатынасы ретінде Джевонс формуласы бойынша есептеледі.

Орман шаруашылығы өнімдеріне баға индексі кұрудың барлық келесі кезеңдерінде агрегатталған индекстер пайдаланылады.

Агрегатталған баға индексі – жеке ішкі топ, топ немесе жалпы зерттелген құбылыс бойынша бағаның өзгеруін сипаттайтын және жеке баға индекстері негізінде қалыптасатын салыстырмалы көрсеткіш.

Ұлттық деңгейдегі агрегаттау бойынша топтар, ішкі кластар, кластар бойынша және одан жоғары агрегатталған баға индекстері Ласпейрестің түрлендірілген формуласы бойынша жеке баға индекстерінің орташа өлшенген мәндері ретінде есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Келесі негізгі статистикалық жіктеуіштер қолданылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) АШӨСЖ - Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің анықтамалығы (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Статистикалық жіктелімдер» бөлімінде, «Анықтамалық» бөлімшесінде орналастырылған).

S.4.3 Секторлық қамту

Орман шаруашылығын байқаудың статистикалық бірліктері: қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) «Орман өсіру және ағаш дайындау» (ЭҚЖЖ – 02) сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктері болып табылады. Көрсетілген байқау бірліктері экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрі бойынша есепке алынады.

S. 4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Орман шаруашылығы өнімі бағасының деңгейін байқау ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Нормативтік-құқықтық жүйесінде <http://adilet.zan.kz> орналастырылған «Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімі бағасының индекстерін құру әдістемесіне» сәйкес жүргізіледі.

Әдістемеді келесі анықтамалар қолданылады:

- 1) агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде неғұрлым ірі жиынтықтарға біріктіру;
- 2) бағаларды тіркеу – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;
- 3) базалық объект – ондағы бағаларды байқау және тіркеу үшін іріктелген объект;
- 4) ерекшелік – бағаларды тіркеу үшін іріктеп алынатын жекелеген тауарды (көрсетілетін қызметтерді) сәйкестендіру үшін пайдаланылатын сипаттама немесе сипаттамалар тізбесі;
- 5) өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) – тауар тобындағы тауардың белгілі бір түрі, ол тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиеттеріне әсер

етпейтін болмашы ерекшеліктермен (детальдармен) ерекшеленеді және өзінің тұтынушылық мақсаты бойынша біртекті болады.

S. 4. 5 Статистикалық объект

Орман шаруашылығы өнімдері мен қызметтерін өткізетін географиялық және салалық қамтуды ескере отырып, базалық объектілердің іріктемелі желісі.

S. 4. 6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін таңдау қағидаты)

Статистикалық ауыл шаруашылығы тіркелімінің және статистикалық бизнес-тіркелімнің деректері, сондай-ақ өткізілген өнімнің құны туралы ақпарат беретін орман шаруашылығының шаруашылық жүргізуші субъектілерін зерттеудің алғашқы статистикалық деректері базалық объектілердің іріктемелерін жасау үшін бас жиынтық болып табылады. Байқау іріктемелі әдіспен жүзеге асырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Барлық облыстар.

S.4.8 Қамту уақыты

Орман шаруашылығы өніміне баға индексі 2006 жылдан бері қалыптастырылады.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең әр бес жыл сайын өзгереді.

2011-2015жж. – 2010 жылғы желтоқсан

2016-2020жж. - 2015 жылғы желтоқсан

2021-2025жж. - 2020 жылғы IV тоқсан және т.б.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

Тоқсан

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық негіз

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидасы.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №308 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдері өндірушілерінің баға индекстерін құру әдістемесі», Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14663 болып тіркелген.

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»/«Әдіснама»/«Баға статистикасы» бөлімінде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Ақпараттық-құқықтық жүйесінде <http://adilet.zan.kz> қолжетімді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді.

3. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат), ҚР СЖРА ҰСБ 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген, Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, басшылыққа алатын қағидаттар мен тәжірибелік тәсілдерді айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеуіш техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен тең түпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. ҚР ӘМ 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланымдар күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі СЖРА ҰСБ/Пайдаланушыларға www.gov.kz МОИРБП орналасқан.

S.9.2 Графикке қолжетімділік

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі СЖРА ҰСБ/Пайдаланушыларға www.gov.kz МОИРБП орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушылар үшін қолжетімділік

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет - ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет ресурсы).

S.10 Тарату жиілігі

Тоқсан сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділігі мен нақтылығы

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы шығарылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасындағы орман және балық шаруашылығы өнімдерінің баға индексі» электрондық кестесі есепті кезеңде өткен тоқсанмен, базалық жылдың 4 тоқсанмен, өткен жылдың тиісті тоқсанмен және кезеңімен салыстырғанда республика және облыстар бойынша, өнімнің түрлері бойынша бағасының индекстері туралы деректерді қамтиды. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Экономика» // Баға статистикасы // Электронды кестелер бөлімінде тоқсан сайын жарияланады.

11.3 Онлайн режиміндегі деректер қоры

«Талдау» ИАЖ

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңес
Іске асырылған жоқ

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. ҚР ӘМ 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзгелері
Жоқ

S.11.5.1 AC2. Метадеректер - кеңес
Іске асырылған жоқ.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «9» желтоқсандағы № 308 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14663 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Әдіснама»//«Баға статистикасы» бөлімінде және www.adilet.kz сайтында қолжетімді.

S.12.2 Сапа жөніндегі құжаттама

1. Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы мен анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен қолдау табады:

- бастапқы есепке алудың негізгі қағидаларын сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктемелерін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, көрнекі) әзірленді және енгізілді;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда бекітілген;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде, әкімшілік деректермен, салааралық);
- бағаларды байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер тізбелерінің және базалық объектілердің іріктемелі жиынтығын ротациялау;
- салмақтау схемасын жыл сайын қайта қарау;

- агрегаттаудың барлық деңгейлеріндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S. 13.2 Сапаны бағалау

Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне баға индексі құру әдістемесі Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық Қоғамдастықтардың Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк дайындаған «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және практика» қағидаттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

S. 14 Өзектілігі

S. 14. 1 Қажеттіліктер

Орман шаруашылығы өнімінің баға индексі пайдаланушылардың (салалық статистика бөлімшелері, мемлекеттік органдардың) қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S. 14. 2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама www.stat.gov.kz сайтында онлайн түрінде жүргізеді.

S. 14. 3 Толықтығы / R1. Деректердің толықтығы-үлес

Қолданылмайды.

S. 15 Дәлдік пен сенімділік (байқау типін ескере отырып толтырылады)

S. 15. 1 Жалпы дәлдік

Соңғы бес жылдағы орман шаруашылығы өнімдерінің түрлеріне баға индекстері туралы деректердің дәлдігі мен сенімділігін талдау вариация коэффициентін қолдана отырып жүргізілді. Вариация коэффициенті – кездейсоқ шаманың салыстырмалы таралу өлшемі. Бұл кездейсоқ шаманың осы шаманың орташа мәнінен орташа таралуы қанша үлеске тең екенін көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым үлкен болса, салыстырмалы түрде таралу ауқымды және зерттелетін мәндердің біркелкілігі төмен болады.

Вариация коэффициенті мына формула бойынша есептеледі: $C_V = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$.


мұнда SD – орташа квадраттық ауытқу;

\bar{X} - орташа мән.

Орташа квадраттық ауытқу мына формула бойынша есептеледі: $SD = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}{n-1}}$.


Қазақстан Республикасындағы өңделмеген сүрек бағаларының өзгеруі вариация коэффициенті

пайызбен



Қазақстан Республикасындағы орман шаруашылығы қызметтері бағаларының өзгеруі вариация коэффициенті

пайызбен



Өңделмеген сүрек пен орман шаруашылығы саласындағы қызметтер бағасының өңіраралық өзгерістерінің ең үлкен екіні 2022 жылы байқалған. Бағаның өзгеруіндегі айырмашылыққа ағаш отынының қымбаттауы, сондай-ақ орман өрттерінің жиілеуіне байланысты республиканың жекелеген өңірлерінде өртке қарсы іс-шаралар жүргізу және орманды қорғау жөніндегі қызметтер әсер етті.

**Орман шаруашылығының өнімдері және осы саладағы қызметтері
бағаларының өзгеруі вариация коэффициенті**

	2019	2020	2021	2022	2023
Қылқан жапырақ тұқымдыларды аралау үшін кесілген ағаш материалдары	6,63%	0,00%	2,30%	10,97%	17,61%
Ағаш отыны	2,92%	5,63%	5,50%	45,09%	7,20%
Орман өсіру бойынша қызметтер	12,04%	1,67%	4,02%	1,39%	6,91%
Ағаш дайындау саласындағы қызметтер	7,22%	1,64%	10,20%	10,99%	15,66%

S.15.2 Іріктеме қателері - индикаторлар / А1.

Мақсатты іріктемені қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен байланысты емес қателер есептелмейді, өйткені жауаптың болмауы іске асырудың болмауына сәйкес келеді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 А2.Қамтудың артуы-үлес

Мақсатты іріктемені қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 А3.Жалпы бірліктер-қатынас

Мақсатты іріктемені қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S. 15.3.3 Жауап жоқ болуы қатесі

S.15.3.3.1 А4.Жоқ болу бірлігі - үлес

Өнім түрлеріне жетіспейтін бағаларды ауыстыру тәсілдері Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне баға индексінің құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 А5.Жауап болмау тармағы-үлес

Есептеу жүргізілмейді.

S. 16 Уақтылық және ұқыптылық

S. 16. 1 Уақтылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Респонденттердің ұсыну мерзімінен бастап бірінші жариялауға дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 24 күнді құрайды.

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейінгі айдың 17-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Шығару күндері Статистикалық жұмыстар жоспарында, Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде бекітілді және жарияланды.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі-түпкілікті нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S. 16. 2 Ұқыптылық

S. 16.2. 1 Ұқыптылық / TP3

Деректер Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S. 17 Салыстырмалылық

S. 17. 1 Географиялық салыстырмалылық

Деректер өңірлердің уақыты бойынша, қызметтің басқа салалары бойынша өңірлер арасында салыстырылады.

S. 17. 1. 1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша асимметрия - коэффициент / СС1
Қабылданбайды.

S. 17. 2 Салыстырмалы уақыт қатарларының ұзақтығы / СС2

Өндірушілердің орман шаруашылығы өнімдеріне баға индекстерінің серпінділік қатары 2006 жылдан бері салыстырмалы және үздіксіз болып келеді.

S. 18 Келісушілік

S. 18.1 Сыртқы келісушілік, айқаспалы


Баға индексін жинау және есептеу әдіснамасының негізгі тәсілдері Қазақстан Республикасы экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып бейімделген Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық Қоғамдастықтардың Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік Банк (2004ж.) шығарған «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және практика» қағидаттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

S. 18. 2 Ішкі келісушілік

Өңделмеген сүрек түрлері бойынша бағаның өзгеруі байқау ішінде келісіледі.

Өңделмеген сүрек бағасының өзгеруі


өткен тоқсанға пайызбен



Өңделмеген сүрек бағасының өзгеру серпіні ағаш кесу және сүргілеу өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бағасының өзгеру тенденциясына ұқсас.

Сүрек және одан жасалған бұйымдар бағасының өзгеруі

өткен тоқсанға пайызбен



S.19 Жүктеме

Бағаларды жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін типтік енгізу қателерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратын басқару қарастырылған.

Басқа зерттеулермен қайталау жоқ.

Әкімшілік деректер немесе басқа көздер пайдаланылмайды.

S. 20 Деректерді қайта қарау

S. 20. 2 Деректерді қайта қарау / А6

2006 жылдан бері деректерді қайта қарау болған жоқ.

2006 жылдан бері қайта жариялау болған жоқ

S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу

S. 21. 1 Бастапқы деректер

Өндірушілердің орман шаруашылығы өніміне баға индексіні құру деректердің екі ағынын пайдалануды көздейді: салмақтық құрауыштар (салмақтау схемасы) және орман шаруашылығы өніміне бағаның өзгеруі.

Салмақтау схемасы әрбір өңір бойынша жеке және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша орталықтандырылып қалыптастырылады. Оның құрылысы ағаш түрлері бойынша егжей-тегжейлі өңделмеген сүректің әртүрлі түрлері арасында, сондай-ақ орман шаруашылығы саласындағы қызмет түрлері арасында өнім құнын бөлуге негізделген.

S. 21. 2 Зерттеу кезеңділігі

Тоқсандық

S. 21. 3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау қағаз жеткізгіште немесе ҚР СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді онлайн режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

S. 21. 4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді енгізу және өңдеу кезінде ең төменгі және ең жоғарғы баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары салынған; өткен тоқсанның баға деңгейімен салыстыру, сондай-ақ шығыс деректерінің әртүрлі бақылаулары салынған.

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқауларды жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S. 21. 5 Импутация - үлесі / А7

Импутация Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне баға индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Жалпы орташаны шартты есептеу» әдісі сапада өзгерістері аса көп немесе жоғалып кеткен өнім үшін «шартты бағаларды» қолдануды көздейді. Өнімді бір немесе бірнеше базалық объектілер бойынша сату болмаған жағдайда, «шартты» баға іріктемеге енгізілген басқа базалық объектілердегі бағалардың өзгеру үрдісіне сүйене отырып есептеледі.

S. 21. 6 Түзету

Уақыт қатарларын түзету үшін пайдаланылатын статистикалық рәсімдер мен бағдарламалық қамтамасыз ету көзделмеген.

S. 21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Жүзеге асырылмайды.

S. 22 Ескертулер

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.